



Сыр бойы

№138-139 (21014-21015) 13 қыркүйек, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz
www.instagram.com/syrboy_kz
t.me/syrboy_kz
twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

БАС ПРОКУРОРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асылытовты қабылдады. Президентке елдегі заң үстемдігінің жай-күйі мен прокуратура қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыс нәтижелері баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа арнайы прокурорлардың қоғамда резонанс тудырған және мемлекет мүддесіне, сондай-ақ азаптауға қатысты аса маңызды қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысы жөнінде есеп берілді.

Биыл арнайы прокурорлар сотқа 55 қылмыстық іс жолдап, соның негізінде 112 адам сотталған. Тағы 80 іс соттардың қарауында жатыр. Арнайы прокурорлар тексерген істер бойынша жалпы сомасы 14,4 миллиард теңге залал өтелді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына қылмыстық жолмен тапқан кірістерді іздестірудің жаңа тәсілдері мен оны ел экономикасына пайдаланудың перспективасы жөнінде мәлімет ұсынылды. Қозғалған қылмыстық істер бойынша жалпы құны 105 миллиард теңге болатын мүлікке тыйым салынды. Соның ішінде прокурорлар басқа да құқық қорғау органдарымен бірге тек есірткіге қарсы істер бойынша 12 миллиард теңгеге жуық активтерді қолға түсірген.

Бас прокурор Берік Асылыов активтерді қайтару мәселесі туралы да айтты. Екі жыл ішінде прокуратура органдары арқылы 850 миллиард теңгенің активтері қайтарылды. Бұл қаражат өңірлерде 400-ге жуық әлеуметтік және коммуналдық нысан салуға жұмсалады. Бүгінде 60 ғимараттың құрылысы аяқталған.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында және бизнесті белсенді қолдау үшін Бас прокуратураға қарасты ведомствоның атауы өзгермек. Жаңа формат инвестицияға оңтайлы жағдай жасап, кәсіпкерлер мен инвесторлардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлық салада заңдылықты қамтамасыз ету және қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар құқық қорғау және мемлекеттік органдардың алаяқтыққа, есірткі саудасына, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, вандализмге қарсы іс-қимылын, бизнесті негізсіз қылмыстық қудалауға жол бермеу жұмыстарын тиімді үйлестіру маңызды екенін атап өтті.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖЕТІ БАҒЫТ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мәселелеріне арналған жиын өтті. Оған құқық қорғау органдары, басқармалар мен аумақтық департаменттер басшылары, мәслихат депутаттары, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, зиялы қауым өкілдері, жастар, онлайн байланыс арқылы Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдері қатысты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, аймақ басшысы Жолдауда көрсетілген жеті бағыт бойынша тапсырма жүктеді.

– Мемлекет басшысы экономиканың салаларын жаңғырту үшін цифрландыру мен жасанды интеллект технологиясын жеделдетіп

енгізу мәселелеріне ерекше тоқталды. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін қолданып, елімізді одан әрі өркендетудің, әлеуметтік-экономикалық, инновациялық дамытудың жаңа бағдары айқындалды. Жаппай цифрландыру арқылы отандық экономиканы әртараптандыру,

кешенді түрде жаңғырту көзделген. Алдағы үш жылда Қазақстанды цифрлық елге айналдыру мақсатында нақты стратегиялық межелерді белгіледі.

Өңірге инвестиция тарту жұмыстары тек кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен ғана шектеліп қалмауы қажет. Қала, аудан әкімдіктері мен әрбір басқарма өз салалары бойынша қарқынды жұмыс жасауы тиіс. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, 2026 жылға негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемін бекіту үшін ұсыныс беріңіздер.

2-бет

/// ЕГІН – 2025

БЕЙНЕТПЕН КЕЛЕР БЕРЕКЕ



Фото: Ашық дереккөзден

Жаңақорған ауданына қарасты Түгіскен ауылындағы «Дамир-С» шаруа қожалығы 2009 жылдан бері күріш егумен айналысады. Ауыл шаруашылығы құрылымы жылма-жыл табысқа кенеліп, қырманға мол астықты құйып жүр. Биыл да сол үрдістен жаңылмауға бекінген. Су тапшылығы кезеңінде жауапты жұмыс жасап, астықтың бітік шығуына барынша еңбек етті.

– Әуелі әкем Серік Тәукебаев шаруа қожалығын қолға алған еді. Қасында жүріп егінге қатысты барлық мәңжайды біліп өстік. Енді сол тірлікті інісі Санжар екеуіміз атқарып келеміз. Жалпы, күріш өсіру оңай емес. Алдымен дария деңгейіне алаңдаймыз. Биыл судың тапшылығы қолбайлау болды. Соған қарамастан егіннің қалыпты өсіп-жетілуіне күш салдық. Қазіргі орақ науқанында әрбір күнді құр жібермей, мейлінше жинақы әрекет етуге көңіл бөліп отырмыз. Өнім түсімі тәуір. Орташа есеппен гектарына 50 центнерге дейін астық жиналып жатыр.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ

МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

БҰҰ-ның дерегі бойынша 2100 жылға қарай әлемде көрі адамдар көбейіп, халық саны азаяды. Жалпы кейінгі жарты ғасырда жер бетіндегі адамның табиғи өсуі екі есеге азайған. Мамандардың дабыл қағуына негіз көп. Өйткені, сауалнамаға қатысқандардың әрбір бесіншісі бала сүюге асықпайтынын айтқан. Бұл мәселе елімізге де қатысты.

Жуырда Мемлекет басшысы кезекті Жолдауында демографиялық үрдістерді егжей-тегжейлі зерделеп, ұзақ жылға арналған шешімдер қабылдаудың маңызы айрықша екенін айтқан болатын. «Алайда осы салада мәліметтерді тиісті деңгейде есепке алып, талдау жасау жолға қойылмаған. Бұл жағдай еңбек нарығының сұранысын болжау, инфрақұрылымды

дамыту жұмысын жоспарлау және басқа да міндеттерді орындау жолында қиындық туғызады. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің базасында ауқымды деректер мен жасанды интеллект технологиялары енгізілген Демографиялық үдерістерді талдау және болжау орталығын құру керек» деп тапсырма берді.

2-бет



Фото: Ашық дереккөзден

/// КҮН ҚАБАҒЫ

КҮЗДЕ КҮН РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Қызылордада күз мезгілі қалай өтеді, бұл туралы болжамды «Қазгидромет» кәсіпорнының облыстық филиалы жариялады.

6-бет

ЖЕТІ БАҒЫТ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ



Инвесторларға қолайлы жағдай жасауда арнайы экономикалық аймақтың маңызы зор. Жаңадан қолға алынған жобаларды күнделікті бақылауда ұстап, сүйемелдеу қажет.



2025-2027 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту жол картасына енгізілген жобалардың уақытылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етіңіздер.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруда облысқа бекітілген межені 100 пайыз орындау қажет. Су ресурстарының бірінгі платформасын жасау жұмыстарын пысықтаңыздар. Су үнемдеу технологияларын қолдануды ұлғайтуға бөлінген қаржыны

1-бет

мақсатты, мерзімінде игеруді тапсырамын.

Облыс аумағынан өтетін жол құрылысы жұмыстарының уақытылы басталуын бақылауға алыңыздар. Салынып жатқан, алдағы уақытта салынатын нысандардың құрылысын «Е-Құрылыс» ақпараттық платформасы арқылы жүргізу керек.

Түрлі қаржы институттары арқылы жобаларды сүйемелдеу, ірі кәсіпорындар айналасында шағын және орта кәсіпорындарды дамытуды жалғастыру – өте маңызды жұмыс.

Жолдауда айтылған мәселелердің бірі – мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту. Бұл орайда нақты ұсыныстар енгізіңіздер.



Мемлекет басшысы Жолдауда әлеуметтік көмекті тек нағыз мұқтаждарға бағыттауды тапсырды. Бұл жұмыстарды заң аясында жалғастыруды тапсырамын, – деді облыс әкімі.

Жиында патриотизм ұғымының жаңа сипаты, жастар үшін жасампаздық пен жаңашылдықты отаншылдықтың басты көрсеткішіне айналдыру туралы Сенаторлар кеңесінің мүшесі, Қызылорда облысының құрметті азаматы Мұрат Бактиярұлы, өңірге инвестиция тарту жайында облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, су мәселесін шешуде атқарылған жұмыстар туралы Ы.Жақасев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтанбек Тәуіпбаев сөз сөйледі.

Сондай-ақ «Абзал и К» ЖШС коммерциялық директоры Сағидулла Сыздықов агроөнеркәсіп саласын, агрохабтарды дамыту, саланы цифрландыру, өнімдерді терең өңдеу туралы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ректорының міндетін атқарушы Майнұр Бөрібаева цифрландыру, жасанды интеллект бағытындағы жұмыстар мен міндеттер туралы баяндама жасады. Ұлттық дәстүрлерді дәріптеу, жастарды рухани қолдап, бағыт-бағдар беру жайында «Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Шакизада Әбдікәрімов өз ойын ортаға салды.

«СБ» ақпарат

Суреттері түсірілген: Бағдат ЕСЖАНОВ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚАЛТҚЫСЫЗ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС



Мемлекет басшысы 2025 жылы еліміздің барлық елді мекенін 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз ету туралы тапсырма бергені белгілі. Осы тапсырманы орындау мақсатында өңірде 2022 жылдан бері 55 жоба жүзеге асырылды. Өткен жылдың қорытындысымен облыс халқының 98,6 пайызы орталықтандырылған ауызсуға қосылды.

Биыл 9 елді мекенге ауызсу жеткізіліп, 100 пайыздық меже орындалмақ. Ал газдандыру деңгейі 83 пайызға жетеді.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында «AkSa Energy» түрік компаниясымен бірлесіп, қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығы салынууда.

Жоба аясында 180 МВт-тық 2 газ турбиналық қондырғы (General Electric, АҚШ), 95 МВт-тық бу турбинасы (Doosan Skoda, Чехия), қуаттылығы сағатына 120 тоннаны құрайтын 2 бу қазандығы (AC BOILERS, Италия) мен сағатына 150 Гкал жылу өндіретін 4 жылу қазандығын (Mimsan, Түркия) салу жоспарланған.

Бүгінгі күні құрылыс жұмыстарының 80 пайызға жуығы аяқталды. Бұдан бөлек, бюджет есебінен 15 млрд теңгеге жаңа жылу-электр орталығына дейін газ құбыры жүргізілді. Жоба аясында автоматтандырылған газ тарту станциясы мен 45 шақырым газ құбыры салынды.

Биыл бірінші кезекте орталықтың 1 газ турбиналық қондырғысы мен 2 жылу қазандығы, 2026 жылы қалған қондырғылар қосылады. Қатар инвесторымен бірлесіп жүзеге асырылатын, құны 1 млн 800 мың АҚШ долларын құрайтын 1100 мегаватттық бу-газ қондырғысы жобасы бойынша да жұмыстар басталды.

Бұл жобалар өңірдегі электр энергиясының жүктемесін тұрқандандыруға әрі еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосады, яғни ірі жобаларға қажетті энергетикалық қуаттылықтар пайда болады. Соңғы жылдары 1232 шақырым автомобиль жолы мен көшені, 19 көпірді салуға, күрделі жөндеуден өткізуге қомақты қаржы бөлінді. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.

Арал, Жаңақорған аудандарындағы теміржол үстінен өтетін аспалы көпір пайдалануға берілді.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда.

Облыс аумағындағы 216 шақырымның 163 шақырымы аяқталып, елімізге берілді. Қосымша 12 шақырымына екі қабатты асфальт төселді. Жоба биыл толық аяқталады.

Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға коммуналдық қызмет көрсету, жол құрылысында басты талап сапа екенін ескертті.

МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

60 ЖЫЛДЫҢ ЖЕМИСІ

Иә, расында отбасы демографиясы тұтас бір елдің болашағына әсер етеді. Әрбір іргетасы мықты қаланған «шағын мемлекеттің» ішінде татулық пен тұрақтылықтың болуы аса маңызды. Осы екі қағиданы ұстаным еткен Мынжасар Арысбаев пен Айшоплан Жиеншораеваның шанырақ көтергендеріне 60 жыл толған. Жарты ғасырдан астам бір шаңырақ астында берекелі өмір кешіп, 5 ұлдан 22 немере, 23 шөбере сүйіп отыр. Сексеннің үшеуіне аяқ басқан ақсақал бүгінде үлкен әулеттің алып бәйтерегіне айналған. Ұрпағымен мың жасап отырған қариямен тілдесіп, татулығы жарасқан отбасын құрудың құпиясын сұраған едік.

– Біз кішкентаймыздан өмірдің бар бейнетін көріп өстік. Ата-анамда маған дейін бала тұрмай, шетінеп кете берген екен. Мен дүниеге келгенде 96 жастағы ақсақал «Өмірі ұзақ болсын, ұрпағымен мың жасасын деп ырымдап Мынжасар» деп атапты. Міне, сол кісінің батасымен көгеріп-көктеп, қазір бір қауым елге айналдық. Әйелім Айшоплан да ата-анасының жалғыз қызы. 1962 жылы Қазалыдағы ауыл шаруашылық техникумында оқып, екеуміз көңіл жарастырып, кейін үш жылдан соң отау құдық. Одан кейін Алматы Казсельхозтехника, ауыл шаруашылық институтының механикалық факультетін сырттай бітіріп, инженер-механик маманы дипломын алдым. Жас кезден тынымсыз еңбек еттік, қиындықтан қашпадық. Соның арқасында вода «Ремводстрой», «Облсельхозводснабжение» авто-базаларында бас механик, өзіндік қосалқы шаруашылықтың директоры болып қызмет істедім. Жұбайым да облыстық прокуратурада бас есепші болып 30 жыл еңбек етті. Қызметте жүріп 5 ұлды дүниеге әкеліп, әрқайсысының бір-бір үй болуына жәрдемдестік, – дейді Мынжасар ата.

Қазір бейнеттің зейнетін көріп отырған ақсақал балалары мен немерелеріне «жеңіл өмірдің ғұмыры қысқа болатынын» әрдайым құлақтарына құйып келеді. Татулығы өзгелерге үлгі болатын 10 келінімен марқаяды. Олардың денсаулығы жақсы болса әлі де немере, шөберенің саны артатынына сеніммен қарайды.

– Жасыратыны жоқ, жастар қиындыққа төзбейді. Не нәрсеге де



жеңіл көзқараспен қарайды. Біз секілді ашаршылықты, соғыстан кейінгі қиын кезеңдерді көрмеді. Бүгінде егемен ел болдық. Дегенмен біздің демография көңіл көншітпейді. Бұрын әр үйде 10 баладан кем болмайтын. Қазір мұндайлар сирек. «Көп қорқытады, терең батырады» дейді. Көбейгеніміз өзімізге жақсы. Бізден өзгелер сексенге болады. Елдігіміз биік, мемлекетіміз мықты, ұрпағымыз көп болсын, – деп тілегін білдірді.

АЖЫРАСУДЫҢ ДЕМОГРАФИЯҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Қария сөзінің жан бар. Демография мәселесіне дамыған елдер де дабыл қаға бастады. Өйткені, геосаяси жағдайдың тұрақтанбауы, күн сайынғы қымбатшылық әсер етуде. Көбі алдымен табысын көбейткісі келеді. Ал әлемді жайлаған қымбатшылықтан жастар бала сүюді емес, қара басының қамын ойлауға мәжбүр. Экономикасы әлеуетті АҚШ-тың өзінде бала туу көрсеткіші мез емес. Халық санының азаюына алаңдаған президент Трамп саби сүйе алмай жүрген жұптар үшін қолдан ұрықтандыру процедурасының бағасын арзандатып, оған үгіттеу үшін сыйақы тағайындапты. Жалпы кез келген елдің демографиялық

жағдайы тұрақты болуы үшін әр әйелге шаққанда бала саны 2,1-ден кем болмауға тиіс.

«Мықты мемлекет болу үшін мықты отбасының негізі қалану керек» деп есептейді облыстық мәслихат депутаты Гүлшат Мұсаева. Ол елімізде отау құрған әрбір отбасының үшіншісі ажырасып жатқанына алаңдайды. Өйткені, бұл да халықтың өсіміне кері әсер ететін факторлардың бірі.

– Қазақстанда 2024 жылы отау құрған 124 мың жұптың ажырасу жығы, яғни 61080-і жартысына кеткен. Бірқатар елдерде ажырасу деңгейін төмендету үшін емес, олардың отбасы мүшелері үшін жағымсыз салдарын азайту бойынша да шаралар қолданылуда. Мәселен, Сингапурде Әлеуметтік және отбасылық даму министрлігі бар. Министрлік міндеттерінің бірі – ата-анасы ажырасқан кезде балаларға көмек көрсету. Осы міндет шеңберінде балалар үшін ең қолайлы жағдай жасауды басымдыққа алатын бірнеше бағдарлама бар. Ата-аналарға ажырасудың қаржылық проблемаларын, өмір сүруге, қамқорлыққа және балалармен қарым-қатынас жасауға әсерін, ата-аналардың бала тәрбиесіне бірлесіп қатысудың маңыздылығын түсінуге көмектесетін 2 сағаттық ата-ана болудың міндетті бағдарламасы бар. Ата-аналарға ажырасу кезіндегі балалардың

реакциялары туралы, сондай-ақ ата-аналарға, балаларға өз эмоцияларымен күресуге қалай көмектесуге болатындығы туралы қадамдық нұсқаулар беріледі, – дейді ол.

Сингапурде отбасы орталықтары, әлеуметтік қызмет кеңселері және Сингапурдың Әйелдер ұйымдары кеңесінің филиалдары жұмыс істейді, олар ажырасуға өтініш беру жарнасы 68 еуродан 122 еуроға дейін өсті (2020), бұл жылдық табыстың орташа деңгейінің 0,2 %-ын құрайды.

Елімізде Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс жасайды. Ажырасу алдындағы және ажырасу сатысындағы отбасыларға көмек шаралары да қабылдануда. Аймағымызда «Отбасы орталығы» жұмысының бір элементі – некелесуге

келген жастармен жеке-жеке өнегелі жандардың әңгімелесуі тәжірибеге енгізілген. Бұл, әрине, құптарлық жайт. Бірақ ажырасқаннан кейін отбасылар мен балаларға көмек көрсетудің дамыған жүйесі жоқ.

– Отбасын алдынала жоспарламау, ата-ана болуға саналы түрде қарамау болашақта жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін. Қазақи ортада отбасын жоспарлау, отбасылық бюджетті басқару мәселелеріне аса мән берілмей келеді. Бала санын жоспарлау «Бір бала туса – бір түп жусан артық шығады» деген қазақ үшін әрине қиындау, дегенмен заманның талабы, өмір шындығы. Әкелердің тәрбие беру процесіне жеткілікті қатыспауы оны балаға әкенің көңіл бөлмеуі мен бірге демалыс күндерін өткізбеулерінен көрінеді. 2019 жылдан «Әкелер мектебі» жұмыс жасайды. «Ердің жұмысы – түзде» ұғымын ұстанушылар үшін мұның өзі прогресс, – дейді Гүлшат Исакызы.

ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

Отбасының беріктігі, береке-бақыты, аман-саулығы әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Сондықтан жыл сайын «Отбасы күні» аясында мазмұнды шаралар қолға алынады. «Анаға тағзым» орталығында өткен «Бақытты отбасы – бақытты ел» атты тағылымды кездесу соның бір дәлелі.

Іс-шараға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының екінші орын иегерлері қатысып, жастарға тағылымды әңгіме айтты.

Бұл жүрекке жылы мереке отбасының адам өміріндегі ең қастерлі құндылық екенін еске салып, насихаттап келеді. Бүгінде елімізде 6,2 миллионнан астам отбасы бар екен. Оларды мемлекет тарапынан қолдау тұрақты дамудың негізі болмақ. Бұл ретте енді шаңырақ көтеріп жатқан жастарға ерекше көңіл бөліп, қолдау көрсету маңызды. Ана мен бала құқын қорғауға бағытталған заңнама жетілдіріліп келеді. Жалпы республикада 112 қолдау орталығы жұмыс істейді. Мұндай орталықта өмірлік маңызды мәселелерді шешуге көмектесіп, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет



Елінің жігері, қоғамның тірегі

Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, мадақ пен мансап құмай, елінің жігері, қоғамның тірегі болып жүрген ардақты азамат, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы Бакберген Досманбетов. Заңгер, академик Салық Зиманов өткен өміріне шолу жасай келе «Елу жаста өзімді тани бастадым, алпыс жаста ақылым кіре бастады, жетпіс жаста аспанмен тілдесе бастадым – бұл батырдың жасы емес, бидің жасы екен. Жетпіс жаста көңілім өзгерген жоқ, көйлегім өзгерді, ал сексен жаста дүнием өзгерген жоқ, күйім өзгерді, құлдық дедім, бірақ құл болмадым» деген екен. Қандай құдіретті ұстаным десенізші?!

Бүгінде сексеннің сенгіріне шыққан Бәкен де Сыр өңірінің ғана емес, еліміздің кеменгер қайраткері, танымал тұлғасы атанды. Оған білімі мен біліктілігінің, ерен еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында алған асулары мен шыққан шыңы куә. Бұған қандай қызметте жүрсе де қарапайымдылығы, билік пен байлықты аңсамай, керісінше ел-халықтың қамын ойлауы жеткізсе керек.

Әлі есімде, 1971 жыл еді. С.Орджоникидзе атындағы Мәскеу басқару институтының құрылыс және қала шаруашылығы мамандығынан дәріс алған Бәкен Н.Гоголь атындағы (бүгінгі Қорқыт ата атындағы университет) педагогикалық институтта ұстаздық қызметін бастаған. Мен филология факультетінің соңғы курсында оқитынмын. Сол жылдары институттың бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болған Бакберген ағай маған Бүкілодақтық Лениншіл комсомол жастар одағының «Құрмет грамотасын» табыстаған. Міне, содан бері елу жылдан астам уақыт ұшқан құстай шымырап өте шықса да, Бәкенмен сыйластықта келеміз. Содан болар, өнегелі де өркенді өмір жолы көз алдымда.

“ Ол Қармақшы ауданына қарасты Діріментөбе бекетінде өмір есігін ашқан. Бар-жоғы 10-15 отбасы ғана қоныс тепкен аядай бекет. Бала кезден теміржол бойында жүргіншілерге азық-түлік сатуды кәсіп еткен оның алдында терең білім алсам деген асыл арман тұрды. Өз кезегімен сол бір сәтті уақыт та келіп жетті.

Жоғарыда айтқандай, еңбек жолын Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтта қатардағы ұстаздықтан бастаған Бәкен сайланбалы жолмен жоғары оқу орындарының басшылық құрамына баруға талпыныс жасайды. Жас та болса білімі мен біліктілігі арқасында өзгелерден оза шауып, институтқа алдымен проректор, бертін келе ректор болып сайланды.

Өздеріңізге мәлім, 1990 жылдар еліміз Тәуелсіздігін енді алған, дербес мемлекет саясатын ұстануға ұмтылған күрмеуі қиын кезек болатын. Бұл уақытта білім беру саласы да зор құрылымдық дағдарысқа түсті. Қаражат тапшылығы әсерінен жоғары оқу орындарын дамытпақ түгілі, шаңырағын шайқалтпаудың өзі қиын еді. Осынау қым-қуыт жылдары Бәкеннің басшылығымен институт дамуын даңғыл жолына түсті. Сөз орайы келгенде айдан кетейік, Сыр аймағында ғана емес, елімізде ең

алғашқылардың бірі болып университеттік білім берудің негізін қалаған Бакберген Досманбетов.

1997 жылы ізденісімен, еңбегімен жоғарыдағылардың назарына іліккен Бәкен Қызылорда қаласы әкімі қызметіне тағайындалды. Оған облысты экономикалық дағдарыстан шығару мақсатында құрылған арнайы экономикалық аймақтың төрағасы қызметін атқару да қоса жүктелді. Қала әкімі қызметінде бар-жоғы үш жылға жуық болды. Осы кезде Бәкеннің басшылығымен атқарылған шаруа шаш етектен десек, асыра айтқандығымыз болмас.

Қала әкімі қызметіне келісімен жоғарыдағылардың тапсырмасын орындауға ғана емес, өз ұсыныстарын іске асыруға да құлшына кірісті. Ең бастысы, қаланы абаттандыру мен таза ұстау, кезекте жылдап тұрған отбасыларды тұрғын үймен жеделдете қамтамасыз етуді басты назарына алды.

– Сол кезде облыс әкімі Бердібек Машбекұлы – Үкіметке Қызылорда қаласын арнайы экономикалық аймаққа айналдыруға күш салуымыз қажеттігін айтты. Бәкеннің қолдауымен іссапармен АҚШ, Ресей елдеріне барып, көріп те келдік. Арнайы экономикалық аймақтың ашылуында Бердібек Машбекұлының ұсынысы мен қолданбасы қолдау болды. Марқұм Бәкеннің осы бір ерен еңбегін ел-халық естен шығармауы керек, – деді ол.

Иә, уақыт өте келе Бакберген Досманбетов ҚР Парламенті Сенатының ІІ, ІІІ және ІV шақырылымдарының депутаты болып, он екі жыл бойы халық аманатын арқалады. Ол қатардағы сенатор ғана емес, Экономика, қаржы және бюджет комитеті хатшысы қызметін атқарды.

Аманат арқаула оңай емес. Ел сенім артқан соң Бәкен Сенаттың өкілетті жиындарында Сыр аймағының экономикалық және әлеуметтік толғақты мәселелерін үздіксіз көтеріп, оның жедел және әділетті шешілуіне барынша күш салды. Өте сауатты экономист-ғалым болған соң республикалық бюджеттің ұтымды жоспарлануына барынша атсалысты. Сондай-ақ Сенаттың Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Қазақстан делегациясының мүшесі болып сайланып, халықаралық парламенттік мінберлерде талай толымды ойлар мен ұтымды ұсыныс-пікірлерін боямасыз баян етті. Байқоңырдағы ғарыш айлағының қызметіне байланысты қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайы мен мектеп оқушыларының құқықтық мәселелерін әділдікпен шешу жөнінде де алғашқылардың бірі болып ұтымды ұсыныс жасағанын біреу білсе, біреу білмес. Үкіметке дәлелді сын айтудан тартынбай, оны жедел шешудің ұтымды ұсыныстарын да жеткізді. «...Еліміздің әл-ауқатын жақсарту үшін зиялы заңдар керек, шала туған заңдарға терапевтік емдеу қажет» деп залды дүр сілкіндіргені бар.

Досы Қуаныш Сұлтанов «...Заң шығарушы процестің өзі ашықшыла білімділікті талап етеді. Бәкен тәрізді сенатордың айтары да, ұсыныстары да жеткілікті. Басты ұстанымы – халықтың суранысы, мемлекеттің, қоғамның мүддесі. Осындай ұжымға, оның шындала, нығая түсуіне біздің Бәкен де айрықша үлес қосып келе жатқан көрнекті сенатор. Бакберген Сәрсенұлы – мінезге бай, дархан көңіл, жомарт пейіл, білетіні мен сыры мол, сыйластыққа мұқият, тұлғалы азамат. Пандық пен менмендіктен аулақ, адамшылық пен қадірлестікке бейім. Қоғам осы біздің Бәкендей азаматтармен маркая түседі, сапасы мен санасы да өседі» деп баға берген.

Бір әңгіме үстінде Бәкен:

– Қала әкімі қызметінде жүргенімде «қашан білім саласына барады екенмін?» деген ой мазалаумен болды. Алла сәтін салып 1995 жылы, яғни осыдан түп-тура отыз жыл бұрын «Болашақ» университетін аштым. Білім шырағының мәңгілік өшпейтінін ескеріп, бүгінгі жас ұрпақты еліміздің ертені үшін білім нәрімен сусындатуға бар күш-жігерімді жұмсаумен жүрмін. «Болашақ» университетінің өткен

тарихы өздеріңізге мәлім болар, содан да бүгінгі «Болашақтың» ертенгі болашағын айтайын.

Иә, «Болашақтың» құрылтайшысының айтуы бойынша, бұл университет жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үрдісін үнемі назарда ұстап келеді. Бүгінде мұнда алты мыңнан аса студент дәріс алуда. Медициналық және педагогикалық білім беретін екі колледж де бар. Биыл осындағы блоктан медициналық университет те ашылмақ екен. Бір құптарлығы, түлеп ұшқандардың басым бөлігі тұрақты жұмыспен қамтылууда.

Бүгінде 2017 жылдан бастап дарияның батыс беткейінде бой көтерген 15 қабатты кампус – алыстан көз тартатын қалашық. Оқу корпусы бүгінгі күн талабына сай барлық құрал-жабдықтармен қамтылған. Студенттер жатақханасы да жеткілікті. Қалашықаумағында студенттердің демалуы мен серуендеуіне барлық жағдай жасалған, яғни кинотеатр мен демалыс, ойын алаңдары бар.

Білім қалашығының шаңырағын шайқалтпай ұстап отыру оңай шаруа емес. Бұл ретте ардақты да асыл азамат өз міндетін абыроймен

атқарып келеді. «Мәңгілік мұрат-мақсатқа қызмет ету – мен үшін өтелмеген парыз. Осы парызымды өтеп, ел-халықтың ризашылығын алу – бақыт. Бұл болашақтың еншісінде» дейді Бәкен ағынан жарыла.

Ғалым 1994 жылы «Қазақстанның демографиялық және еңбек әлеуеттігін статистикалық тұрғыда бағалаудың әдіснамасы» тақырыбында диссертациясын қорғап, экономика ғылымдарының докторы дәрежесін иеленді. Қызылордадағы педагогикалық институтты университет статусына жеткізді. Оқу орнының атауын өзгертіп, Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университет деп атады. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде дәріс берді. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Әлеуметтік ғылымдар, Ресей Жаратылыстану академиясының академигі.

“ Тоғыз монография мен жүздеген оқу құралдары және ғылыми еңбектердің авторы. Нақтылай айтар болсақ, «Қазақстан халқының дамуы», «Қазақстан халқының статистикасы», «Бизнес пен маркетинг негіздері», «Қазақстандағы еңбек нарығы», «Аймақтың экономикасын басқару» ғылыми еңбектері мен «Сүйем сені, Сыр елі», «Өмірім – өрісім» атты деректі хикаяттары оқырман олжасына айналған.

Бакберген аға «Өмірім – өрісім» атты кітабында: «Достық – ұғым. Шын достық адамның болмысымен біте қайнасып кететін қасиет. Қызығына қуанады, қасіретінді бөліседі, ұлы жолда нықтасып қатар жүреді, ортанды толтырады. Сенімен мақтанады, сенімен мақталады» деген жүрек жазбасын келтірген. Оның кеменгер жазушы Шыңғыс Айтматовпен бір емес, екі мәрте кездесіп, ашық-жарқын әңгімелесіп, ақ батасын алуы екі адамның бірінің басына бұйыра бермейтін бақ болар.

– Шыңғыс ағамен жетпісінші жылдары Брюссельде екінші мәрте кездескенім бар, – дейді Бәкен. – Әңгіме арасында Шәкенә көкейімде көптен жүрген «Боранды бекет» атты кітабыңыздың желісін қайдан алдыңыз?» деген сауалымды қойдым. Шыңғыс аға бір жарым сағат бойы сөйлеп, маған «Боранды бекет» романының жалпы желісін егжей-тегжейлі айтып беріп, «Егер Діріментөбе сенің туған топырағың болса, «Боранды бекетті» де менің ауылым деп иемдене беруіңе болады» деген-ді. Есімі әлемге әйгілі ғұлама жазушымен кездесіп, ақ батасын алуым менің жүрегіме мәңгілікке естелік болып жазылып қалған, – деді.

Ол Құдай қосқан қосағы Зейнегүлмен 54 жыл бойы бұл өмірдің ащысы мен тұщысын бірге татып, ұлдарын ұяға қондырды. Атаналарынан тәлімді тәрбие алған олардың бәрі дерлік жоғары білім алып, сан алуан салаларда жауапты жеттемгер атқаруда. Бір өкініштісі, Зейнегүл қанжестіз бұл өмірден мезгілсіз кетті. Десе де, кеуделерін қайта тіктеген отбасы мүшелерінің бүгінгі тыныс-тіршілігі қалпында. Бұл аяулы ананың балаларына беріп кеткен өнегесінің жемісі болар.

Иә, өмір сынағына шыдас берген Бакберген ағамыз бүгінде төңірегіне қызығушылықпен емес, ой тоқтатқан азамат көзімен қарайды. Жанып-сенетін от секілді емес, жүрек жылылығын жай ғана себелеп жүретін бітім-болмысын айна-катесіз сақтаумен жүр. Көлденен іске килікпейді, ала жіпті аттамайды. Содан болар, адам баласын қадірлеудің, оларға қошемет көрсетіп, қамқор қолын созудың құмға сіңген судай із-түзсіз жоғалмайтындығын да толықтай түсінген.

Бүгінде сексен жастың сенгеріне шықса да Бакберген аға бітім-болмысы мен кеменгерлік келбетін қаз-қалпында сақтаған. Осылай жүре бергейсіз, ардақты аға.

Еркін ӘБІЛ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН ОЗАДЫ

Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары мектепте оқып жүргенімізде, еңбек сабағы болды. Оны сол кездегі замандастарымыздың бәрі біледі. Сол сабақ өз деңгейінде жүргізілді, ұлды да, қызды да шын мағынасында еңбекке баулыды деп ойлаймын. Бесінші кластан бастап қыз балаларға тамақ істеу, қайшы, ине-жіп, мата ұстауды үйретсе, ер балалар күрек, тырма ұстап, балға, қашаумен жұмыс істеуді меңгеруге тырысты, әрине, еш зорлықсыз, қызығушылықпен. Ал сегізінші класқа барған жылы оқушыларды қыркүйек айында екі-үш аптаға күріш масағын теруге алып кететін.

Арамызда мемлекеттік қызметкерлердің де, өзімізге сабақ беретін мұғалімдердің де ұл-қыздары жүрді, бірде-бір ата-ана артық әңгіме айтпаушы еді. Сол сегізінші класта масақ теруге барып келіп, жиырма сомнан еңбекақы алып, табысымызды ата-анамызға көрсету үшін бес-алты бала мектептен екі шақырымдай жердегі үйімізге дейін жүгіріп келгенімізді әлі ұмытқаным жоқ. Ал тоғызыншы класта қыркүйек айында Қарақұмның Баршақұм деген жеріне біздің кластың оннан аса ер баласын екі аптаға қой креолиндеуге алып барды. Мұның қалай жүзеге асырылатынын малшы қауым жақсы білетін шығар. Есімде қалғаны, бетоннан құйылған ұзындығы шамамен 20 метрдей, тереңдігі 1 метр арыққа су толтырып креолин эмульсиясын араластырғанда, судың түсі сүттен айнамай қалады. Соған біздер түске дейін бір отар, түстен кейін бір отар қойды шомылдырып шығарамыз.

Ондағы мақсат – қойлардың кенеден, құрттаудан, өзге де түрлі паразиттерден аман болуы. Әдепкі күні қиындау болғаны рас. Қиын болған себебі, ылғи ақ меринос қойлар қазақы қойдан ірі әрі қыркүйек айы нағыз семіретін уақыты, арасында мүйіз оратылған қошқарлары бар, қой малының қырсықтығы қосымша, мойнынан, мүйізінен тартқанға көне қоймаған.

Бізге бас-көз болып жүрген үлкендер қойдың артқы бір аяғынан ұстап арықтың тұсына әкеліп мойнын арыққа қарай бұрып итере салатын әдісін үйретуі сол екен, қойларды дөріленген арыққа артқы бір аяғынан ұстап дырылдатып сүйреп әкеліп бір-біреуден кезекпен тастай бастадық. Арық ішімен жүзіп бара жатқан қойды қолында аша таяғы бар бір бала мойнынан басып, басын ара-тұра батырып отырады. Себебі, қойдың дәрі тимеген жері қалмауы керек. Қой жүзіп отырып, бетон арықтың оңтайлы етіп салынған арғы жағынан құрғаққа шығып кетеді. Бұған қоса, біздер әрқайсымыз кезектесіп күнделікті жүр шопаңға еріп кетіп, алыс-жақын жердегі отарларды айдап әкелуге де көмектесіп жүрдік. Осылайша тоғызыншы кластың оқушылары, өзімізге сеніп тапсырылған шаруаны абыроймен орындап қайтып, сабағымызға қосылдық, кейін де болашағымыз жаман болған жоқ.

Мұны мысал қылғандағы себебім, мектеп жасында болсақ та, сол кездегі еңбекке баулудың қазіргіге қарағанда тәртіпке, тәрбиеге, еңбектің қадірін сезінуге негізделген әлдеқайда өзгешелігі еді. Мүмкін, сәл қаталық болған шығар, бірақ дәл қазіргідей көп жағдайда «шыбық тимей, шыңк етерлік», үпілеп-сүңгілеуден, сәл нәрсеге мұғаліммен ілінісе кетіп заңға жүгінуден, шөптің басын сындырмаса да, телефон алып беріп телміртіп қойғаннан, оқушыны сол ережеге негізделген еңбекке баулу әлдеқайда артық па деп ойлаймын.

Тәжік-кеңес жазушысы, ғалым, қоғам қайраткері Садриддин Айнидің ұлы мен қызы Мәскеу қаласының жоғары оқу орнында білім алған көрінеді. Жазушы ай сайын пошта арқылы ұлына да, қызына да ақша салып отырыпты. Ұлына аздау салады екен де, қызына көптеу салыпты. Осыны ұзақ уақыт бақылаған пошта қызметкері жазушыға: «Екеуі де өз перзентің емес пе, неге біріне артық, біріне кем саласыз?» дейді. Сонда Айни: «Оныңыз рас, екеуі де перзентім және бірін артық, бірін кем көрмеймін. Кішкене күнінен еңбектің ащы дәмін де аздап таттырдым. Ал екеуіне екі түрлі қаражат салатын себебім, ұл баланы тоқшылық, қыз баланы жоқшылық бұзуы мүмкін бе деген саяқты қой...» деген екен.

Әрине, бұғанасы қатпаған баланы балалығынан айырмаған да, қосымша сабақтарға да қатысқаны дұрыс шығар. Бірақ дәл бүгінгідей құбылып тұрған алмағайып заманда толып жатқан жаман әдеттен аулақ болсын десек, болашағы мүмкіндігінше бекем болсын десек, ащы тердің тұщы дәмін аздап болса да сезініп өссін десек, мектеп қабырғасынан-ақ нағыз еңбектің ертенгі болашағын елестете бергені дұрыс болар еді. Өйткені, ұшпаққа шығаратын сандық технология мен ер атандыратын қарапайым жұмысшы мамандығы да қатар жүріп отыратыны өмір шындығы.

Әлімжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы



Фото: Ашмак дереккөзінен

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ МӘҢГІ...

Адамның ғұмыры қысқа болғанымен, артында өнегелі іс қалдырған, белгілі бір саланы меңгеріп, өзі өмірден өтсе де, еңбегі мен қызметі, айналасындағы адамдарға жасаған жақсылығы мен жанына жақын тарта білетін мейірімі, жылылығы естен кетпейтін адамдар бар. Сондай кісілік келбетімен есте қалған тұлғаның бірі – ҚР Білім беру саласының үздігі, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Ахметжанов Бауыржан Сағынұлы.

Бауыржан Сағынұлы 1949 жылы 4 ақпанда Өскемен қаласында дүниеге келген. 1961 жылдан Шымкент қаласында тұрды. Балалық шағында Шығыстан Оңтүстікке келуінің өзіндік себебі бар. Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабын тартқан әкесінің денсаулығына байланысты жылы өңірге қоныс аударған. Ұстаз анасы мен жаратқаннан әкесіне қолқанат болған Бауыржан Сағынұлы жастайынан еңбекке араласты. Өте еңбекқор, көпшіл болып өсті. Ерте есейген бозбала ержетіп, мектеп бітіріп, Қазақ химия-технологиялық институтына түсті. 1974 жылы жоғарғы оқу орнын бітірген жас маман институттың химия-технология кафедрасына жұмысқа қабылданды. Талапты, өз ісін толық меңгеруге бар күшін жұмсауды мақсат тұтқан ол ізденіп, өзін дамытуды бірінші кезекке қойды. 1978-1982 жылдар аралығында Д. Менделеев атындағы Мәскеу химия-технологиялық институтының аспиран-

турасында оқып, кандидаттық диссертациясын қорғап, химия-технология ғылымдарының кандидаты болды. Оқу барысында қазіргі уақытқа дейін қолданылып келе жатқан қаустикалық сода өндіру әдісін ойлап тауып, патенттеген де Бауыржан Сағынұлы Ахметжанов.

Өмірін білім мен ғылымға, ізденуге арнаған ол Қызылорда қаласындағы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының филиалын ашуға атсалылысты (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті). Кеңес одағы тұсында Мәскеуге бірнеше рет арнайы барып, Қызылорда облысына жеке техникалық ғылыми институт керек екенін дәлелдеді. Тәуекелге бел буған бұл шешімі нәтижелі болды. Осы іске бар күш-жігерін сарп етті. Филиалдың жұмысын жүйелеп, оны дамыта, кеңейте отырып, жеке университеттің ашылуына себепкер болды. Сөзбен айтып жеткізілуі оп-онай

бұл жаңалықтың артында не деген қажырлылық, батылдық жатыр десенізші?!

Сонымен, Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлер институты пайда болды. Осы оқу ордасында өзі кафедра меңгерушісі, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, бірінші проректор қызметін атқарып, абырой биігінен көрінді. Ол әр ісіне, бастамасына тың-ғылықты ден қойып, тек жоғары нәтижеге жетуді мақсат тұтатын. Жастарға колдау көрсетуді өзінің міндеті санайтын. Елу шақты қыз-жігітті Мәскеуге аспирантураға оқуға жіберіп, олардың ғылымға ден қоюына, профессор дәрежесіне жетуіне себеп болды, институттың болашақ ғалымдарын өзі тәрбиелеп, өсірді.

1995 жылдан Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент филиалының проректоры, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде бірінші проректоры болып еңбек етті. Ол ғылыммен қатар өнерден де құралақан емес еді. Балалық шағынан музыка мектебінде білім алған Бауыржан Сағынұлы оны үздік бітірген. Жастайынан жан-жақты болып өскен ол



әртүрлі аспаптарда ойнайтын, атап айтсақ, пианино, баян, домбыра, гитара. Шығармашылыққа жақын Бауыржан Ахметжанов әйгілі «Арман» ансамблінің музыкалық жетекшісі де болған.

2012 жылы зейнет демалысына шыққан соң кәсіпкерлікке бет бұрды. Саналы ғұмырын еліміздің ғылым-білім саласының өркендеуіне арнаған оның өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-

өнеге. Жан жары Рабиға Оразалиева екеуі 3 қыз, 1 ұл тәрбиеледі. Бүгінде ұрпағы елге сыйлы азаматтар. Екінші қызы әке жолын қуып, білім-ғылым саласын меңгерді. Бүгінде PhD дәрежесін алып, медицина академиясында шетел жастарына білім беруде. Бауыржан Ахметжанов пен Рабиға Оразалиева перзенттерінен немере, шөбере сүйді.

Өмір бар жерде өлім бар. 2024 жылы 1 желтоқсан күні еліміздің білім беру саласының үздігі, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Ахметжанов Бауыржан Сағынұлы өмірден озды.

Кішіге үлгі, шәкіртке ұстаз, қиналғанға қамқоршы, ізденушіге ізгілігін таныта білген ардақты азаматтың ғылым жолындағы төккен тері мен атқарған ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Жақсының аты, ғалымның хаты мәңгі деген осы...

Ардақты әке, асыл жар, немере-шөберелерінің сүйікті атасы Бауыржан Ахметжановтың рухына бағышталған біржылдық асы 4 қазан күні сағат 13.00-де Шымкент қаласы, «Нұрсат-2» шағын ауданында орналасқан «Әсем» мейрамханасында беріледі.

Әкеміздің көзін көрген, тірісінде сыйласқан жандарды Құран ішінде болуға шақырамыз.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары

АДАМ АҒЗАСЫНА ПАЙДАЛЫ МАССАЖДАР ТҮРЛЕРІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Массаж мыңдаған жылдар бойы денсаулықты жақсарту үшін жасалады. Оның 80-нен астам әдіс, техника, қозғалыс, әсер етуі және басқа да ерекшеліктері, өзіндік техникасы, пайдасы және қарсы көрсетілімдері бар. Мысалы швед массажы қан айналымын жақсартса, тай массажы буындарды созып, икемділікті арттырады.

Массаж – жаракат алғаннан кейін қалыпқа келуге, бұлшық еттер мен терінің жағдайын жақсартуға, релаксацияға және күйзелісті басуға көмектесетін тиімді әдіс, бірақ оны жасатпас бұрын дәрігермен кенесу қажет.

Адам денсаулығына пайдасын тигізетін массаж түрлері: швед массажы, тай массажы, лимфодренажды массаж, рефлексотерапия, бет массажы және «Су Джоко» массажы.

Швед массажы – бұл ең көп таралған массаж түрі. Ол бұлшық еттердің үстіңгі қабатында жұмсақ, ырақты, тоқылдату қимылдары арқылы жасалады. Бұл қимылдар буын қозғалысымен үйлеседі. Швед массажының техникасын XIX ғасырда профессор Пер Линг ойлап тапты. Техниканың ерекшелігі ретінде массаждың тек бұлшықеттерге ғана емес, буындарға да бағытталатынын айтуға болады.

Пайдасы мынадай: қан айналымын жақсартады, тыртық тінін бұзады, бұлшықеттердің серпімділігін қалпына келтіреді, буындарға икемділік береді, салмақ тастауға әсер етеді.

«Су Джоко» массажы 1986 жылы оңтүстік корейлық ғалым Пак Дже Ву ойлап тапқан. Алақандағы және табандағы нүктелерге жасалады. Аяқтағы ісікті қайтарады, шаршағанды басады. қант диабеті, остеохондроз, гипертония, интра-

краниальды қысым, қан тамырларының спазмы, артроз, саусақ артрозы, асқазан-ішек патологиялары, бронх демікпесі, өкпенің қабынуы, инсульт және көру, есту, дәм сезу бұзылыстары, кекештену, несеп-жыныс мүшелерінің жұмысындағы ауытқулар кезінде де осы нүктелі массажға жүгінуге болады. Сонымен бірге «Су Джоко» массажын жеңіл ауруға немесе суық тиюге де, сондай-ақ ауыр созылмалы ауруларға да тағайындалады.

Тай массажы – бұл дәстүрлі массаждан айтарлықтай ерекшеленетін емдік тәсілдердің бірі. Тай массажы тай медицинасының бір бөлігі болып саналады және Қытай медицинасы сияқты денедегі энергия арналарымен жұмыс істейді. Тай массажының пайдасы мынадай: қозғалысты көбейтеді, арқа ауруларын жеңілдетеді, күйзелісті басады, денені босансытады, ас қорытуды жақсартады, денсаулықты жақсартуға көмектеседі және ұйқының сапасын арттырады.

Рефлексология – бұл белгілі бір нүктелерге жұмсақ қысым жасау арқылы ағзаның жұмысын жақсартуға көмектесетін терапияның түрі. Бұл массаждың теориясы бойынша арнайы нүктелерге әсер ету арқылы күйзелісті жоюға және дене қызметін жақсартуға болады. Бұл процедура дәрі-дәрмекпен емдеуді толықтырады, бірақ оның орнын алмастыр-

майды. Рефлексологтар ауруға диагностика жасамайды және емдемейді. Бұл массаж түрі мына жағдайларда жақсы көмектеседі: мазасыздық, босану кезіндегі ауырсыну, артрит кезіндегі ауырсыну, шаршау.

Бет массажы – бұл бет терісінің контурын қалпына келтіруге, оның тонусын, түсін жақсартуға арналған процедура. Бет массажын үйде өзіңіз жасауға да болады, себебі өте жеңіл жасалады.

Бет массажының пайдасы мынадай: қан айналымын жақсартады, ісінуді басады, беттің түсін ажарландырады, терінің серпімділігін арттырады, әжімдердің пайда болуын кешеуілдетеді. Бет массажын теріде жаралар мен күйік, бөртпелер мен тамырдың жарылуы секілді зақым келген жағдайлар болса жасатуға болмайды.

Лимфодренажды массаж – бұл денедегі лимфа сұйықтығының айналымын арттыруға бағытталған массаж түрі. Лимфа – ақуызға бай сұйықтық, ол ағзаның ішкі орта құрамдас бөлігі болып саналады және бүкіл денеде орналасады. Лимфа жүйесі – иммундық жүйенің бір бөлігі.

Массаж теріге жеңіл қысыммен, ұзын және жұмсақ қозғалыстармен жасалады. Бұл массажды жасаудағы негізгі мақсат – лимфа ағынын арттырып, оны түйіндер мен тіндер арқылы қозғауға көмектесу. Бұл техника лимфедема, ревматоидты артрит, созылмалы веноздық жеткіліксіздік, фибромиалгия ауруларын емдеуде әсер оң әсер етеді.

Руслан НҰРҒАЗЫҰЛЫ, балалар мен ересектер массажиссі

ЖАРҚЫН ЖҮЗДІ АРДАҚТЫ ЖАН



Жалған өмірдің қай тұсташектелерін кім білген?! Расында адам баласы Алланың пендесіне өлшеп берген ғұмырынан артық жасамайтынын білсек те, жақынын кім ажалға қияды дейсің?! Иә, әркез жанымызға жалау болып, амандығымыз бен жақсылығымызды тілеп отыратын тілеулес, жанашыр жан, бір шаңырақтың сүйеуі бола білген ардақтымыз Рахымшаев Кенесбай Байқоңырұлы егер ортамызда болса жетпіс жасқа толар еді.

Кенесбай Байқоңырұлы 1955 жылдың 16 қыркүйегінде Сұлутөбе аудылдық округіне қарасты Бірлестік ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Тартоғай совхозындағы №53 мектепті бітіріп, әскери борышын өтеп, ауылында жүргізуші болып еңбек жолын бастайды. 1985 жылы Алматы қаласындағы Халық шаруашылық институтын сырттай бітіріп, Тартоғайдағы қауын қабылдау пунктінде басшы, агроном, совхоз директоры қызметінде болды. Совхоз тарап, қалаға көшіп келіп, «Құмкөл Транссервис» мекемесінде абыройлы еңбек етті.

Кенесбай отбасының үлкені болғандықтан ата-анасы артынан ерген іні-қарындастарына қамқор, әулеттің салмағын көтеретін азамат болады деп үлкен үміт артты. Қарапайымдылығымен, кеңпейілділігімен, ақ-жарқын ашық мінезімен ауылдастарының, ағайын-туыс, достарының қуанышы мен қайғысына ортақтаса білді, қолынан келгенше көмегін аямады. Зайыбы Райханмен бір шаңырақ астында тату-татті ғұмыр кешіп, дүниеге 3 ұл, 1 қыз әкеліп, текті тәрбиесін беріп, немере сүйді.

Алланың ісіне амал бар ма?! Елу тоғыз жасында өмірден озған Кенесбай Байқоңырұлы ортамызда болғанда 16 қыркүйек күні жетпіс жасқа толып, ақ дастарқан басында ағайын-туыс жиналып жүректен шыққан ыстық лебізімізді арнайтын едік. Шүкір, артында қалған балалары, бауырлары 13 қыркүйек күні ардақты жанға арнап ас бергелі жатыр. Оқылған құран аяттары қабірін нұрландырып, жаны жәннатта, иманы жолдас болсын дейміз.

Еске алушы: ағайын-туыстары атынан Жағас МЕДЕТБАЙҰЛЫ

ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ:



✗ Тыйым салынады



Үйді өздігінен газдандыруға, газ құрал-жабдықтарын жылжытуға, ауыстыруға, жөндеуге **БОЛМАЙДЫ!**



Ғимараттың ішін өзгерткен кезде арнайы қызмет көрсететін ұйымдардың рұқсатынсыз құрал-жабдықтардың орнын ауыстыруға **БОЛМАЙДЫ!**



Газ құрылғыларының, түтін және желдету құрылғыларының конструкциясын өзгертуге **БОЛМАЙДЫ!**



Үйдегі қауіпсіздік автоматикасын өшіруге **БОЛМАЙДЫ!**



Ақауы бар газ жабдықтарын қолдануға **БОЛМАЙДЫ!**



Газ құрылғыларын қараусыз қалдыруға, оларды балалардың пайдалануына рұқсат етуге **БОЛМАЙДЫ!**



Ғимаратты жылыту үшін газ плитасын пайдалануға **БОЛМАЙДЫ!**



Газ құрылғылары орнатылған бөлмеде ұйықтауға **БОЛМАЙДЫ!**



Газдың ауаға таралғанын анықтау үшін отты пайдалануға **БОЛМАЙДЫ!**

ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ:



✓ Не істеу керек:



Газ құрылғыларының қалыпты және дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз. Түтін мұржалары мен желдету каналдарын тексеру үшін тек мамандандырылған ұйымдарға хабарласыңыз.



Газ плитасын қолданар алдында мұржаны тазалап тұрыңыз (күйе жинауға арналған техникалық тесікті тазалаңыз).



Егер үйден ұзақ уақытқа кететін болсаңыз, газ құрылғыларындағы барлық шүмектерді жабыңыз. Газ баллондарын пайдаланғаннан кейін, клапандарды жабыңыз. Егер үйден бір айдан көп уақытқа жол жүріп кететін болсаңыз, газ мекемесінің маманына ескертіңіз.



Газ жабдықтарын тексерістен өткізу үшін үйге газ қызметінің мамандарын шақырыңыз. Алайда, ең алдымен олардың қызметтік құжаттарын тексеріп алыңыз.



Газ жабдығын монтаждау және жөндеуді тек білікті мамандар жүзеге асыруы керек.



Газдандыру кезінде автоматты қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған құрал-жабдықты пайдаланған дұрыс (ол - оттың жалыны сөніп қалса немесе мұржада түтін тартпаса, газдың берілуін тоқтатады) және газдың ауаға тарағанын сезетін дабыл қондырғысын орнатқан жөн.



Газ құрылғыларының орнын ауыстыру және қосымша нүктелерді орнату жұмыстары қызмет көрсететін компанияның рұқсатымен ғана орындалуы тиіс.



Егер газдың ауаға таралғанын сезсеңіз, бірден 104 нөмірі арқылы апаттық қызметті шақырыңыз. Сондай-ақ, қызмет көрсететін компания жұмыс істемейтін демалыс күндері де 104 нөміріне хабарласу керек.

